

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ТЕЛERAДИО ЖӘНЕ ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫС КАФЕДРАСЫ



**«Жаһандану кезеңіндегі заманауи телерадиожурналистиканың
даму тенденциялары» атты қазақ телевизиясының 65 жылдық
мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
международной научно-практической конференции «Тенденция
развития современной телерадиожурналистики в эпоху
глобализации» посвященной 65-летнему юбилею казахстанского
телевидения**

«Жаһандану кезеңіндегі заманауи телерадио журналистиканың даму тенденциялары» атты қазақ телевизиясының 65 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысының

МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана, Қазақстан, 14 наурыз, 2023

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции
«Тенденция развития современной телерадио журналистики в эпоху глобализации»
посвященной 65-летию юбилею казахстанского телевидения

Астана, 14 наурыз, 2023

MATERIALS

International Scientific and Practical Conference
The 65th anniversary of the Kazakh Television on the topic
"The trend of development of modern TV and radio
journalism in the era of globalization"

Astana, Kazakhstan, 14 March, 2023

**ӘӨЖ 070(082)
КБЖ 76.03я431
Ж29**

Ғылыми редакторлар:

С.М. Дүйсенғазы - филол.ғ.к., доцент

А. Пернебекова - аға оқытушы

Жауапты редактор:

Р.А. Шакуова – аға оқытушы

«Жаһандану кезеңіндегі заманауи телерадиожурналистиканың даму тенденциялары» атты қазақ телевизиясының 65 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысының материалдары. 14 наурыз, 2023. – Астана: Еуразия ұлттық университеті, 2023.

Жинаққа «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Журналистика және саясаттану факультеті Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасы Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетімен бірлесіп қазақ телевизиясының 65 жылдық мерейтойына арналған «Жаһандану кезеңіндегі заманауи телерадиожурналистиканың даму тенденциялары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция қатысушыларының материалдары топтастырылды.

Жинаққа енгізілген материалдарға автордың өзі жауапты.

2023 жыл.

ӘӨЖ 070(082)
КБЖ 76.03я431
Ж29

ISBN 978-601-337-853-4

ЖҰМАДІЛ БОЛАТ

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ
Журналистика және саясаттану
факультетінің 2-курс докторанты*

Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор Б.Ж. Омаров

«ЖҰМСАҚ КҮШ» КОНЦЕПЦИЯСЫНЫҢ БАҚ-ТА ҚОЛДАНУ ПЕРСПЕКТИВАСЫ

Жаһандану үдерісінің арқасында «жұмсақ күш» стратегиялары жаңаша бағытта өсіп келе жатқан бұқаралық ақпарат құралдары ағынына сәйкес келіп, қазіргі таңда медиа саласы миллиондаған адамдардың санасына жаһандық әсер ететін теңдесі жоқ ресурсқа айналды. Басқа кез келген саяси құралдардың ішінде медиа стратегиялардың насихаттау және әсер ету күші әлдеқайда күштірек ықпал етеді.

Жалпы жұмсақ күш саясатының ресурстарын анықтап қарастыра болсақ келесідей бағыттарды бөліп алуға болады: халықтың мәдени және идеологиялық құндылықтары, әлеуметтік құндылықтар мен мінез-құлық стандарттары. Бұл тұрғыда, ең алдымен, мәдениетаралық диалогты дамыту, халықаралық білім беру бағдарламаларын әзірлеу және, әрине, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабар тарату арқылы мемлекеттердің үкіметтеріне ықпал ету және қоғам арасында сол мемлекет туралы имидж қалыптастыру міндеті жүктеледі. Шетелдік аудиторияны ақпараттандыру шараларының кешені ретіндегі жұмсақ күш саясатының тиімділігінің артуы оның ақпараттық саясат шеңберіндегі дәстүрлі дипломатиялық шаралармен салыстырғанда сыртқы саяси құралдарды тиімді пайдалануда теңдесіз тетік ретінде айқындауға болады. Сонда қазіргі ақпараттық ағын заманындағы жұмсақ күш саясатының негізгі құралдардың бірі ақпараттық ресурс және ақпарат ағындарын бақылай отырып, оны тиімді пайдалану болып саналады.

Әрбір саяси стратегия секілді ақпарат ағыны арқылы өзге мемлекеттерге әсер ету де идеологиялық компонент ретінде маңызды рөл атқарады. Ақпараттық ресурсты бақылау және осындай жағдайда жаңалықтардың күн тәртібін қалыптастыру әртүрлі жас топтарындағы халықтар арасында өзіндік құндылықтар жүйесін ілгерілетуге, ұлттық мүдделер мен идеяларды өзгертуге ықпал етеді.

Қазіргі адамның өміріндегі әлеуметтік желілер секілді заманауи медиа технологиялардың рөлі ақпараттар ағындарын тасымалдауда дәстүрлі медиа құралдарына қарағанда көзделген мақсатты жылдам әрі жеңіл орындалуына септігін тигізіп келеді. Яғни, әлеуметтік желілердің күннен-күнге дамуы қоғамның барлық салаларына әсер етіп келеді [1]. Өткен ғасырдың аяғында әлеуметтанушы Н. Луман «XX ғасыр адамы үшін де, тіпті XXI ғасыр адамы үшін БАҚ жай ғана ақпарат көзі ғана емес, оның әлемге және қоғамға жеке көзқарасын қалыптастыратын негізгі құрал» деп тұжырымдады [2]. Бүгінгі күні әлеуметтік желілер кез келген мемлекеттің жұмсақ күш саясатын жүзеге асырушы тиімді құралы ретінде қоғамда маңызды рөл атқарып отыр.

Осылайша ақпаратты эп-сәтте таратушы онлайн платформалардың саяси күн тәртібіне, халықаралық қатынастарға және мемлекеттер ішіндегі әлеуметтік

процестерге ықпалы жыл сайын артып келеді, мұны әлеуметтану және саясаттану саласындағы зерттеулердің нәтижелері айқын көрсетіп отыр [3].

БАҚ-тың «жұмсақ күшті» ілгерілету құралы ретіндегі рөлін түсіну үшін мемлекеттердің тартымдылығы мен өзіндік имиджін арттыру тұрғысынан міндеттерін анықтау қажет. Оларға мыналар жатады: белгілі бір мемлекетте немесе аймақта мемлекеттік ықпал мен билікті күшейту; өз мемлекетінің құндылықтарын әлемге тарату; халықаралық академиялық және білім жүйесінде тәжірибе алмасуды дамыту; өз тілі мен мәдениетін танымал ету; басқа субъектілердің «жұмсақ күшінің» таралуынан өзіндік «мәдени қауіпсіздігін» қамтамасыз ету; экономикалық ықпалды және инвестициялық әлеуетті кеңейту үшін жағдай жасау [4]. Бұл тұрғыда бұқаралық ақпарат құралдары оқиғаны дұрыс бұрыштан бөліп көрсету үшін әртүрлі оң және теріс коннотацияларды қолдануға мүмкіндік береді, осылайша БАҚ түсіндіру құралына айналады, сондықтан белгілі бір медиа платформаны талдау кезінде оның саяси позициясын да есепке алу қажет. Талданып отырған бұқаралық ақпарат құралы мемлекет есебінен қаржыландырылатын немесе басқа тараптардың демеушілігімен жарыққа шығатын медиа болуы мүмкін. БАҚ-тың таратар ақпаратының сипатына бұл фактор басты әсер етуші күш болып саналады. Алайда, бұл жағдайда БАҚ әділдігі мен шынайылығын бағалау критерийлерінің біртұтас объективті жүйесін алу өте қиын. Жұмсақ күш саясатын ілгерілету контекстінде бұл аспект мақсаттарға қол жеткізу үшін қолайлы әрі тез әсер беретін ресурс болып саналады. Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен өзінің ықпал ету әлеуетін арттырып қана қоймай, сонымен бірге үшінші тараптың ықпалын азайту немесе толығымен әлсірету үшін белгілі бір аймаққа байланысты оның теріс, кейде заңсыз бейнесін жасауға болады. Бұл тұрғыда белгіленген сыртқы саяси міндеттер шеңберінде мақсатты мемлекетте ішкі саяси күн тәртібін қамту басты орын алатынын атап өткен жөн. Белгілі бір елдегі ішкі саяси жағдайды, мысалы, белгілі бір штаттағы сайлауды, сайлау тәртібін бұзуға байланысты наразылықтарды, халықтың бір бөлігінің сайлау науқанының нәтижелерімен келіспеуін немесе басқа наразылық акцияларын жариялау елде болып жатқан өзгерістер немесе оқиғалар туралы әлеуметтік рефлексия қоғам бір бөлігінің ұстанымы ретінде бейтарап БАҚ-тың аналитикалық позициясын беруге мүмкіндік береді, өйткені бұл жағдайда бұқаралық ақпарат құралдарының ең маңызды ерекшелігі – бұқаралық ақпарат құралдары кейіпкер ретінде басты рөл атқарады.

«Жұмсақ күшті» ілгерілету контекстіндегі тағы бір басты ерекшелік – интернетті дамыту және ақпарат ағынының уақыт шекарасын жою. Бүгінгі күні жаңалықтар ағыны желілік технологиялардың дамуын ескере отырып, қолжетімділіктің жоғары дәрежесіне ие болса да, виртуалды тәулік бойы жұмыс істейді. Бұл фактор мемлекеттік имиджді көтеру құралы ретінде мемлекеттік дипломатияның икемділігі мен иілгіштігін және бәсекелестік артықшылығын көрсетеді. Медиа платформалар, әсіресе онлайн БАҚ, қазіргі саясаттағы маңызды үрдістер мен процестердің саны мен алатын маңызды орнын күшейтеді. Бұл тенденциялардың бірі цифрлық ақпараттық ортаға өтіп жатқан мемлекетаралық текетіреске жатқызылуы мүмкін. Ақпараттық соғыстар мен ақпараттық қақтығыстар осы процестің нәтижесіне айналды. Осылайша, бұқаралық ақпарат құралдарының «жұмсақ күш» саясатының жүргізушісі ретіндегі қызметі мемлекетаралық қақтығыстарға, олардың сипаты мен оларды шешу жолдарына әсер ететін халықаралық саясаттағы өзгерістерге әсер етуі мүмкін.

Қазақстанның болашағы және өзге мемлекеттер алдындағы беделі елдің шығаратын ақпарат ағындары мен сырт елден кіретін ақпарат арналары, сонымен

қатар, мемлекет туралы мәлімет таратушы кез келген медиа көзіне тікелей байланысты екені жасырын емес. Интернет пен технология дамыған интеграцияның қарқынды жүріп жатқан заманында елдің имиджін оң немесе теріс ретінде қалыптастыру да ақпарат толқынының мазмұнына тәуелді. Сол себептен Қазақстанның ақпарат ағыны тарапына тиесілі имидж дәрежесі бұқаралық ақпарат құралдарын өңдеу мен оны тиімді басқаруға, үнемі өзгерістерді бақылап отыруға итермелейді. Екінші жағынан, ақпарат мемлекеттің шет елдік елдер алдындағы айнасы іспетті. Тіпті ақпарат арқылы кез келген жерден қоғамның көзқарасын өзгертуге үлес тигізуге де, түсініспеушіліктің де кілті болып табылады. Мысалы, Қазақстан туралы 2011 жылы АҚШ-тың Financial Times газетінің бір шығарылымында, сол кездегі ел президенті Н. Назарбаев туралы авторитарлы мемлекеттің жаңа заңына сәйкес оның өкілеттігін ұзарту туралы референдумда дауыс бергеннен кейін үшінші онжылдықта билігін жалғастырады деген сын-пікір аталған болатын [5].

Сол себептен де мемлекеттің алдына қойып отырған ақпараттық саясаттың міндеттеріне – мемлекеттік бастамаларды қамту және түсіндіру, тұрақтылықты қамтамасыз ету, сондай-ақ насихаттау кіреді. Іске асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламалар мен басқа да бастамалардың тиімділігі, қоғамдағы тыныштық пен келісім, жалпы мемлекеттік органдардың имиджі ақпараттық саясатты жүзеге асыруға байланысты. Бұл ретте ақпараттық саясаттың тиімділігіне тек тиісті министрлік ғана емес, әрбір мемлекеттік орган, тіпті медиа технологияларын қолданушы кез келген азамат жауапты бола алады.

Ал, соңғы жылдардағы мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан ақпараттық жұмыстарды талдау бірқатар түйткілді мәселелердің бетін ашты деп қарастыруға болады. Атап айтқанда, соның ішіндегі басты мәселе – мемлекетті оң көзқарас бойынша шет елдіктерге таныстыруда заманауи және тиімді PR тәсілдерінің жоқтығы болып саналады. Көбінесе олар үшін ақпараттың сәйкес арналарын пайдаланатын мақсатты аудиторияға көңіл бөлінбейді. Сондай-ақ, белгілі бір аймақтың ерекшеліктері, мысалы, танымал аймақтық БАҚ мақсаты әрқашан ескерілмейді. Сонымен қатар, мемлекеттік бағдарламаларды қамтуда инновациялардың жағымды жақтарына, олардың жүзеге асырылуының әрбір тұрғыны, қала, облыс немесе жалпы ел үшін нақты мүмкіндіктері мен әсерлеріне жеткілікті көңіл бөлінбейді.

Жарияланған материалдардың көпшілігі ақпараттың түсініксіз немесе жеткіліксіз берілуімен сипатталады. Жаңа заңдардың, заңнамалық актілердің, ережелердің немесе бағдарламалардың презентацияларында, әдетте, қарапайым адамдарға түсініксіз көптеген заңгерлік, саясаттанулық, экономикалық терминдер бар. Бұл материалдарға жаңа инновациялардың мәнін қарапайым тілмен түсіндіре алатын кәсіби мамандардың түсіндірмелері жиі қосылмайды.

Мысалы, жер реформасын жүзеге асыру мемлекеттік органдар тарапынан да, сарапшылар қауымдастығы тарапынан да жеткіліксіз деңгейде түсіндірілмеді. Соның салдарынан қоғамда жер реформасының мақсаттары мен міндеттерін дұрыс түсінбеуге және республика аймақтарында бірқатар стихиялық рұқсат етілмеген митингілердің туындауына ықпал етті. Ал бұл туралы ақпарат интернет арқылы сыртқа таратылса, елдің имиджінің өзгеріске ұшырамауына ешкім кепіл бере алмасы анық.

Мемлекеттік органдардың баспасөз қызметтерінің әлеуметтік желілерді әлсіз пайдалануына назар аударылады. Айта кету керек, соңғы уақытта көптеген мемлекеттік органдар әлеуметтік желілерде ресми аккаунттар ашты. Алайда, олар өз бастамаларын ілгерілету үшін оларды жеткілікті түрде тиімді қолданбайды. Сонымен

қатар, халықпен тұрақты «кері байланыс» жиі болмайды, бұл жалпы алғанда осы мемлекеттік органның имиджіне теріс әсер етуі мүмкін.

Осы проблемалармен қатар отандық ақпарат саласында шетелдік БАҚ, әсіресе ресейлік және еуропалық БАҚ үстемдік етуді жалғастыруда, осылайша біздің медиа кеңістігіміздің әлі де берік қалыптаспағанын және қауіпті кеңістікке тұрғанын аңғаруға болады. Яғни, еліміздегі сыртқы ақпараттық ағындарды толығымен дерлік шетелдік БАҚ қамтамасыз етеді. Тіпті, теле хабар таратушы желілердің көпшілігінде шетелдік телеарналарды көрсетінін байқауға болады. Нәтижесінде отандық БАҚ-та ақпарат берудің тарлығы отандық ақпарат нарығының тарлығын да айқындайды. Бұл жерде ақпараттық кеңістіктің мемлекет үшін қаншалықты маңызды болып есептелетіні аңғарылады.

Дегенмен, жыл сайын ақпараттық кеңістік үшін мемлекеттік тапсырыс бойынша ақпараттық өнім жарық көреді. Бұл жерде де туынды сапасының төмен болуына байланысты бюджет қаражатының тиімсіз жұмсалуды айқын байқалады. Осылайша, бөлінген қаржы, шын мәнінде, өнімнің сапасына емес, санына бағытталады, және бұл мәселені шешу, яки реттеу қолға алынбағандықтан, Қазақстанның ақпараттық кеңістігі әлі де қалыптасу үдрісінде екенін анықтауға болады.

Ішкі ақпаратқа сенімсіз қатынас жасау – мемлекеттік органдар ұсынатын ресми материалдардың тиімділігі мен сапасының жеткіліксіз деңгейімен сипатталады. Түрлі мемлекеттік органдардың атышулы оқиғаларға дер кезінде жауап бермеуі бірқатар БАҚ өкілдерінің дәстүрлі сынына айналып үлгерді.

Тұтастай алғанда, өңірлік және республикалық деңгейде профилактикалық ақпараттық науқандар нашар жұмыс істейді, бұл қоғамда резонанс тудыратын оқиғалардың алдын алуға бағытталуы керек [6].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Шиняева О.В., Полетаева О.В., Слепова О.М. Информационно- цифровое неравенство: поиски эффективных практик адаптации населения // Мониторинг общественного мнения: Экономические и социальные перемены, - 2019. № 4. С. 68—85. URL: <https://doi.org/10.14515/monitoring.2019.4.04>.

2 Popova A., Kanavtcev M., Lukyanchikov E., Averianova V. The Role of Social Media in Implementing the Concept of “Soft Power” // Advances in Economics, Business and Management Research, - Atlantis press, p. 374-380.

3 Bodrunova S., Litvinenko A. Fragmentation of society and media hybridisation in today's Russia: How Facebook voices collective demands // The Journal of Social Policy Studies, - 2016, vol. 14(1), pp. 113-124.

4 Melissen J. The New Public Diplomacy: Soft Power in International Relations / J. Melissen. — London, 2005. — P. 22–23.

5 Анафинова М. Информационно-имиджевая программа как элемент внешней политики Казахстана, - Астана: Институт истории государства КН МОН РК, 2014.

6 Тастенов А. Особенности государственной информационной политики Казахстана. URL: <https://isca.kz/ru/analytics-ru/737>